

Жаңақала ауданы әкімінің "Жаңақала ауданының Жаңақазан, Мастексай, Көпжасар ауылдық округтері және Жаңажол ауылдық округінің Сарыкөл ауылы аумағындағы жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы" 2024 жылғы 27 қыркүйектегі № 9 шешімінің күшін жою деп тану туралы

Батыс Қазақстан облысы Жаңақала ауданы әкімінің 2025 жылғы 5 қаңтардағы № 1 шешімі

Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабына сәйкес, Жаңақала ауданының әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Жаңақала ауданы әкімінің "Жаңақала ауданының Жаңақазан, Мастексай, Көпжасар ауылдық округтері және Жаңажол ауылдық округінің Сарыкөл ауылы аумағындағы жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы" 2024 жылғы 27 қыркүйектегі № 9 шешімнің күші жойылды деп танылсын.

2. "Жаңақала ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімге қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Батыс Қазақстан облысы бойынша филиалына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

2) осы шешімнің Жаңақала ауданы әкімдігінің Интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

А. Көшкінбаев